**Ресми рецензент педагогика ғылымдарының докторы, профессор Шаханова Розалинда Аширбаевна**
**6D011900 – Шетел тілі:екі шетел тілі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған**
**Улсерик Кыдырбайкызы Орынбаеваның «Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі**

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Сәйкес келеді |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | Орынбаева Ұ.Қ. зерттеу жұмысында қазіргі білім беру кеңістігінде кәсіби білікті мамандарды даярлау міндеті ерекше өзекті болып отырғандығын атап өткен. Бұл өз тұрғысынан маманның кәсіби мақсаттарын өзі қоя білуі, оған жетудің жолдары мен құралдарын анықтап, және оны жүзеге асыра отырып, нәтижеге жетудегі жауапкершілікті де өз мойнына алу секілді бірталай міндеттерді талап етеді. Осы орайда, шеттілдік білім беруде білікті, шығармашыл, бәсекеге қабілетті, жан-жақты маман дайындауға ұмтылуы, ғылыми ізденістерді осы бағытқа қарай бұруы заңды құбылыс. Әлеуметтік тапсырыс талаптарына сәйкес өзін-өзі бағалау, өзін –өзі талдау, өзін- өзі дамыту сапаларының жоғарлауына байланысты өз ісін жетік білетін, құзыретті мамандарды қажет етеді.<br>Орынбаева Ұ.Қ. жоғары оқу орнында рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру, шетел тілі мұғалімінің мамандығына қойылатын талаптарды орындаудың маңызды шарты болып табыладтындығын атап көрсеткен. Оның қалыптасу деңгейі, шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің өз іс-әрекетінде кәсіби маңызды қасиеттерін жүзеге асыру дәрежесінде көрінетіндігі анықталған.<br>6В01705 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы болашақ маманның әлеуметтік маңыздылығын тануға, кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қалыптасқан уәждемеге дайын болуын айта келе, өзін-өзі ұйымдастыру және дамтыу мүмкіндігін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | айқындаған.<br>Осыған орай, ізденуші Ұ.Қ. Орынбаеваның «Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы, шеттілдік білім беруде өзіндік сана-сезімінің жоғары деңгейіне ие және өз кәсібінің тұлғалық және қоғамдық маңыздылығын сезінетін маман даярлау өзекті міндеті тұр, бұл кәсіби іс-әрекеттің белсенді субъектісі болуға мүмкіндік беру қажеттілігін туындататын рефлексивтік құзыреттілік екендегін зерттеуге арналған.<br>Зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан Респубуликасының «Білім туралы» Заңы, «ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Қазақстан Республикасының шеттілдік білім беру тұжырымдамасы» талаптарымен сәйкестілігімен айқындалады.<br>Орынбаева Ұлсерік Ұыдырбайқызының диссертациялық жұмысы шеттілдік білім беру бойынша болашақ шетел тілі мұғалімін даярлау аясында орындалған.. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Зерттеу еңбегінде тақырыпты айқындау мақсатына жету барысында бірқатар ғылыми нәтижелерді атап өтуге болады:<br>бірінші ғылыми нәтиже-болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруы әдіснамалық тұғырлардың нақтыланып алынуына және оларға бағдарлануға байланысты зерттеліп, негізделеді. Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптасуы оның кәсіби іс-әрекеті мен компоненттерінің мазмұнына және бағыттылығына байланысты өзара тәуелділікте, шартастықта анықталған;<br>екінші ғылыми нәтиже- болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | әдістемелік алғышарттары қарастырылған;<br>үшінші ғылыми нәтиже- болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оның құрамындағы өлшемдері мен көрсеткіштері дайындалған;<br>төртінші ғылыми нәтиже - болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары мен амалдары анықталып, тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, дәйектелген. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Зерттеу жұмысының құрылымы, ішкі мазмұны, ғылыми негізделу дәрежесі диссертацияның автордың өзі жазу деңгейі жоғары деп бағалаймын. Автордың диссертация мазмұнындағы жасаған түйіндеулері мен тұжырымдары, тілі, ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген;<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Шеттілдік білім беруге сәйкес болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыруды маманның кәсіби іс-әрекетінде өзін-өзі танудың құрамды бөлігі ретінде негіздері нақтыланған. Осыған байланысты шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыруда шарттасатын және әсер ететін кәсіби іс-әрекет құрылымдары мен мазмұны талданып, дәйекетелген. Зерттеу жұмысында келтірілген ғылыми нәтижелер мен мен диссертанттың жасаған қорытындылары бір-бірімен сабақтас, ішкі мазмұны арқылы толық үйлеседі. Алынған нәтижелер диссертацияның мақсаты мен міндеттерінен туындайды және олардың ішкі бірлігі жоғары деп бағалауға болады. Барлық алынған тәжірибелік шешімдер логикалық тұрғыдан жүйеленген және ішкі бірлігі сақталынған. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>1) айқындайды; | Ұ.Қ. Орынбаеваның «Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациясы үш тараудан, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | оларға сай тұжырымдардан, қорытынды мен қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыпқа сай құрастырылған. Олар диссертацияны жазу барысында ашылған.<br>Кіріспе бөлімінде тақырыбтың көкейкестілігі мен өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, нысаны мен пәні, негізгі болжамы мен міндеттері анықталып, теориялық және әдіснамалық негіздері, зерттеу әдістері, зерттеу кезеңдері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар мен қағидалар, зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы мен жарияланымдары баяндалған.<br>Екінші тарауында шеттілдік білім беру үдерісінде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді; шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген әдістерінің тиімділігін тексеру жүргізілді; шеттілдік білім беруде болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру критерийлерін, көрсеткіштерін және деңгейлері анықталып тәжірибеге енгізілген.<br>Үшінші тарауында тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдау, жүйелеу және жинақтау жүргізілді.Зерттеу болжамы растау деңгейі жүргізілді;зерттеудің негізгі ережелері мен қорытындылары тұжырымдалды және нақтыланды; диссертацияның қолжазбасы рәсімделді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижесі бойынша гипотеза дәлелдігі нақтыланған.<br>Қорытындыда зерттеудің негізгі нәтижелері, қағидалары |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | тұжырымдалады, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген. Зерттеуде тақырыптан ауытқушылық жоқ. Аталған мәселелердің бәрі диссертацияда бір-бірімен тығыз байланыста қарастырылып, нәтижесінде әр тарау мен тақырыптағы түйіндер ішкі бірлікте сабақтасқан. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді;<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Диссертацияда жасалған талдау жұмыстары диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттердің өзара толықтай сәйкестігін көрсетеді. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан;<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертацияда көрсетілген үш бөлім, тоғыз тараушадан тұратын зерттеу жұмысы логикалық байланысқан. Әр бөлімге сай өзіндік тұжырымы және зерттеу жұмысын толықтай тәмамдаушы қорытынды келтірілген. Диссертацияның құрылымы біртұтас логикалық сабақтастықты сақтай отыра орындалған, содан туындаған түйіндер мен тұжырымдардан ортақ қорытынды жасаған. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік алғышарттары белгіленіп, заман талабына және шеттілдік білім беруде жалпы маманға деген талаптың тұлғалық ерекшелігін сипаттайтын рефлексивті құзыреттілік ұғымы анықталған. Сонымен қатар, теориялық материалдарды және эмпирикалық жайттарды жинақтап, талдау арқылы болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің құрылымды-мазмұндық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтаған және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерген.Зерттеушінің қол жеткізген нәтижелері жұмыстың алдына қойған мақсат-міндеттерін сәтті орындап шығуынан көрінеді. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? | Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары жартылай жаңа болып табылады. Оған дәлел |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | принципі | 1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | ретінде қазақстандық ғалымдар арасында рефлексивтік құзыреттілік мәселесі қарастырылмағандығы және соған орай ғылыми зерттеу жұмыстар санының аздығын айтуға болады. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Теориялық материалдарды және эмпирикалық жайттарды жинақтап, талдау арқылы болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің құрылымды-мазмұндық моделі, анықталған өлшемдері мен көрсеткіштерін жаңа болып табылады.Ұ.Қ. Орынбаеваның жұмысындағы қорытынды тұжырымдары диссертацияның мазмұнымен ұштасып, толығымен жаңа болып саналады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | У.К.Орынбаеваның «Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмыс бүгінгі таңдағы технократты қоғамның талабына сәйкес, техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа саналады. Диссертацияда айтылған пікірлердің, жасалған қорытындылар мен тұжырымдамалары жұмысытң техникалық, технологиялық шешімдерінің салмағын арттырып, сапасын көтере түседі. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша) | Диссертациялық жұмыстың құрылымы, мазмұны, ғылыми стилі, әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, жұмыстың көлемі докторлық диссертацияларға (PhD) қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертацияда ұсынылған лингводидактикалық шарттар, критерийлер мен өлшемдер шеттілдік білім беру талаптарына сәйкестелініп, дәлелденген. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме? | Ұ.Қ. Орынбаеваның «Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты тақырыптағы диссертациялық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ | жұмысында қарастырылған негізгі қағидаттардың берілуі дәлелді, тривалды емес, толықтай жаңа, зерттеу жұмысы аясында жарық көрген мақалаларында қамтылғандығы жұмыстың тыңғылықты зерттелгендігін көрсетеді. |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) ия;<br>2) жоқ | Зерттеу барысында қолданылған талдау әдістері диссертациялық жұмысқа сай жасалғандығын айтуға болады. Диссертациялық жұмыстың ғылыми базалық аппаратын көрсету үшін, пайдаланылған теориялық пікірлер мен тұжырымдарға сілтеме жасауы шынайы. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертация жұмысында қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды ұтымды қолданған Оған дәлел ретінде Excel программасымен жүргізілген эксперимент жұмысы диаграммаларын атауға болады. |
| | | 8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік | Ұ.Қ. Орынбаеваның «Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) ия;<br>2) жоқ | әдістемелік негіздері» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысында маңызды мәлімдемелер нақты ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Оны жұмыста қолданылған сілтемелрден байқауға болады. Диссертация логикалық тұрғыдан жүйелі берілген. Қорғауға ұсынылған тұжырымдамаларында, қол жеткізген ғылыми жаңалықтарында зерттеу нысанына алынған мәселелрден ауытқушылық жоқ. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Жұмыста келтірілген мәлімдеммелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған, әсіресе теория негіздерін түйіндететін отандық, ресейлік және шет елдік ғалымдардың зерттеу нәтижелері мен ауқымды тұжырымдары жұмыста логикалық түрде дұрыс келтірілген. Осы тұрғыда зерттеу тақырыбы аясында рефлексия мәселесінің психологияда қарастырылғандығына толық тоқталып өтсе болар еді. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Ұ.Қ. Орынбаева диссертациялық жұмысында отандық және шетелдік авторларды қатар қарастырып, олардың әдістемелік сипаттамаларын орынды қолданған. Автордың 168 ғылыми еңбекке сілтеме келтіріп, пайдаланған әдебиеттер тізімі ғылыми зерттеу мазмұнына сәйкес пайдаланғандығы және соңғы жылдардағы әдебиеттерді қамтиндығы әдеби шолу үшін жеткілікті саналады. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы шеттілдік білім беруде болашақ мамандарды даярлауда өз үлесін қоса алады. Шет тілі:екі шет тілі мамандығы үшін құнды теориялық материал болып табылады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) ия; | Зерттеу нәтижелері мен қорытындыларын жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында пайдалануға болады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) жоқ | |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Зерттеу нәтижесінде ұсынылған шеттілдік білім берудегі болашақ шетел тілі мұғалімінің құрылымдық-мазмұндық моделі толықтай жаңа болып табылады. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Ұ.Қ. Орынбаеваның «Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысындағы жазу мәнері мен рәсімдеу сапасы академиялық талаптарға сәйкес жоғары деп саналады. Автордың диссертацяиыл қжұмысыт жазу барысындағы логикалық жүйелілік сақталған, ғылыми стилі жатық, ғылыми жұмысты (PhD) философия докторы дәрежесіне сәйкес сауатты жазылған деп бағалаймын. |

Ізденуші Ұ.Қ. Орынбаеваның «Болашақ шетел тілі мұғалімінің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы ұсынылып отырған талаптарға сәйкес келетін, өз бетінше, толық аяқталған еңбек болып есептеледі. Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, диссертациялық жұмыстың авторы Ұ.Қ. Орынбаева «6D011900- «Шетел тілі:екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін. Диссертациялық кеңестің үлгі ережесінің 28 ескертуі бойынша Комитет алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау туралы шешімді қолдаймын.

Ресми рецензент:

Шаханова Розалинда Аширбаевна
Абай атындағы Қазақ Ұлттық
педагогикалық университетінің
филология және көптілді білім
беру, орыс тілі және әдебиеті
кафедрасының профессоры
педагогика ғылымдарының докторы

РАСТАЙМЫН: ЗАВЕРЯЮ
ҚОЛЫ ПОДПИСЬ